ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫ
МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ
(Қосымша парақ)

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
«Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ тіркеуінің
2022 ж. «4» қазан
№№056838 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Саудалық атауы
Реклин

Халықаралық патенттелмеген атауы
Мелоксикам

Дәрілік түрі, дозасы
Бұлшықет ішіне енгізуге арналған 15 мг/1,5 мл, 1,5 мл ерітінді

Фармакотерапиялық тобы
Сүйек-бұлшықет жүйесі. Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар. Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы стероидты емес препараттар. Оксикамдар. Мелоксикам
АТХ коды M01AC06

Қолданылуы
• мелоксикамды пероральді немесе ректальді қолдану жолы тиімсіз болғанда ревматоидты артрит пен шорбуындағанан спондилоартрит асқынуларын қысқа мерзімдік симптоматикалық емдеу үшін қолданылады.

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі
Қолдануға болмайтын жағдайлар
• мелоксикамға немесе препараттың басқа компонентіне жоғары сезімталдық
• ацетилсалицил қышқылын немесе басқа да ҚҚСП жоғары сезімталдық (ацетилсалицил қышқылын немесе басқа да ҚҚСП тағайындағанан кейін анамнезінде бронх деміктесі, мұрын полиптері, ангионевроздық ісінулер, есекжем симптомдарының болуы)
• қанның ұюын төмендететін препараттар қабылдайтын пациенттерге (бұлшықетішілік гематоманың даму қаупі)
• ақпасан мен он екі елі ішек шырышының эрозиялық-ойық жаралы өзгерістері/тесілу (өршу сатысындағы немесе жұмықта бастан өткерген)
• асқыну фазасындағы спецификасық емес ойық жара колиті, Крон ауруы
• бауырдың айқын жеткіліксіздігі, жедел бауыр аурулары
• асқазан-ішектен қан кету, тамыр бастан өткерген цереброваскулярлық қан кету немесе қан ұюдың жүйелік бұзылуы
• бүйіректің үдемелі ауруы, айқын бүйрек жеткіліксіздігі (егер гемодиализ жүргізілмесе)
• декомпенсацияланған жүрек жеткіліксіздігі
• аорта-коронарлық шунтталудан кейін (айналып өтетін анастомоздарды салу) операциядан кейінгі ауыру синдромы
• 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер
• жүктілік және лактация кезеңі.

Қолданған кездегі қажетті сақтандыру шаралары
Жағымсыз әсерлер ең төменгі тиімді дозаны қолдану кезінде және симптомдарды жеңілдетуге қажетті ең аз уақыт ұзақтығын қолданған кезде азаюы мүмкін.
Үйлесімсіздіктің даму мүмкіндігін ескере отырып, ампулалардың ішіндегісін басқа дәрілік препараттармен бір шприцте араластыруға болмайды!
Реклин препараты бөксенің жоғары сыртқы бөлігіне бұлшықетке терең инъекция арқылы енгізіледі (асептика ережелерін сақтай отырып). Қайта инъекция кезінде енгізу орны өзгеруі тиіс. Егер инъекция кезінде қатты ауырғаны сезілсе, медициналық қызметкерге хабарлау қажет, өйткені бұл жағдайда препаратты енгізу дереу тоқтатылуы тиіс. Егер пациентте ұршықбұзын протезі болса, препаратты басқа жерге енгізді.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі
Қандағы калийдің жоғарылауы: кейбір препараттар қандағы калийдің жоғарылауына ықпал етуі мүмкін. Оларға калий тұздары, кейбір несеп айдайтын дәрілер, қан сұйылтушы төмендететін дәрілер (өзгертуші фермент тежегіштері, ангиотензин II антагонистері), ҚҚСП, гепарингер (төмен молекулалық немесе фракцияланбаған), циклоспорин, такролимус және триметоприм жатады. Калийдің жоғарылауы байланысты факторлардың болуына байланысты болуы мүмкін. Жоғарыда аталған препараттар Реклин препаратымен бірге енгізілгенде, бұл қауіп артады.
Реклинді басқа ҚҚСП немесе аспиринмен бір реттік дозада > 500 мг немесе жалпы тәуліктік доза> 3 г бір мезгілде тағайындау ұсынылмайды.
Кортикостероидтар (мысалы, флюокортолидтар): ойық жара және асқазан-ішек жолының қан кету қаупінің жоғарылауына байланысты кортикостероидтармен бір мезгілде қолдану сақтықты талап етеді.
Қанның ұюын төмендететін препараттар (антикоагулянттар, мысалы, варфарин) және гепарин қан кету қаупін арттырады. Қарт адамдарға ҚҚСП-ны антикоагулянттармен немесе гепаринмен емдік дозаларымен бір мезгілде қабылдау ұсынылмайды. Қабылдау әдісін ескере отырып (бұлшықет ішіне), Реклинді антикоагулянттарды қабылдайтын пациенттерге қолдануға болмайды. Қан кету қаупінің жоғарылауына байланысты басқа жағдайларда, мысалы, гепаринмен профилактикалық дозаларын қолданғанда сақ болу керек.
Тромболитиктер және антиагреганттар: тромбоциттер функциясының тежелуіне және асқазан мен он екі елі ішектің шырышты қабығының зақымдануына байланысты қан кету қаупінің жоғарылауы байқалады.
Антидепрессанттар (серотониді кері қармайтын селективті тежегіштер): асқазан-ішектен қан кету қаупі жоғары.
Несептегі аддайтын, қан қысымын төмендететін препараттар (*ангиотензин өзгертуші фермент тежегіштері және ангиотензин II рецепторларының антагонистері):* ҚҚСП олардың әсерін төмендетуі мүмкін. Бүйрек функциясының бұзылуы бар кейбір пациенттерде (мысалы, сусыздану немесе қартайғанда) дәрі-дәрмектердің бұл біріктірілімі бүйрек функциясының одан әрі нашарлауына, соның ішінде әдетте қайтымды болатын жедел бүйрек жеткіліксіздігінің дамуына әкелуі мүмкін. Осы тәртіпті кез-келген біріктірілді әсіресе қарт адамдарға сақтықпен тағайындау керек. Осы біріктірілімді қолданудың басында пациенттер сусызданбауы тиіс. Біріктірілген емді жалғастырған кезде бүйрек функциясын тұрақты бақылау қажет.
Қан қысымын төмендететін басқа препараттар (соның ішінде бета-блокаторлар): олардың әсері төмендеуі мүмкін.
Кальциневрин тежегіштері (мысалы, циклоспорин, такролимус): ҚҚСП кальциневрин тежегіштерінің бүйрекке ұытты әсерін арттыруы мүмкін, сондықтан осы біріктірілімді қолданған кезде, әсіресе еде жастағы адамдарда, бүйрек функциясын бақылау керек.
Деферасирокс: мелоксикам мен деферасирокстың бір мезгілде қолдану асқазан-ішек жолы тарапынан жағымсыз әсерлер қаупін арттыруы мүмкін, препараттардың осы біріктірілімін қолданғанда сақ болу қажет.
Литиймен бірге қолданғанда қандағы литий деңгейі жоғарылауы мүмкін, сондықтан бұл біріктірілім ұсынылмайды. Егер дәрігер қолдану қажет деп санаса, емдеудің басында, соның ішінде Реклин дозасын туғызудан кейін қандағы литий деңгейін бақылау қажет.
Реклин бүйрек арқылы мелоксикамның шығарылуын азайтып, оның қан көрсеткіштеріне ұытты әсерін күшейте алады. Реклинді метотрексаттың жоғары дозаларын (аптасына 15 мг астам) қабылдайтын пациенттеріне бір мезгілде қолдану ұсынылмайды. Егер дәрігер бұл бірікті қолдану қажет деп санаса, қан мен бүйрек функциясының көрсеткіштеріне бақылау жүргізіледі (әсіресе бүйрек функциясы бұзылған жағдайда).
Пеметрексед: бүйрек жұмысы бұзылған пациенттерде мелоксиммен емдеуді пеметрекседті қабылдағанға дейін кемінде бес күн бұрын немесе сол күні тоқтату және пеметрекседті қолданғаннан кейін кемінде екі күннен кейін жалғастыру қажет. Егер мелоксикам мен пеметрекседті бір мезгілде қолдану талап етілсе, пациенттер, әсіресе қандағы бұзылулар мен ақпасан-ішек жолы тарапынан жағымсыз әсерлер қаупіне байланысты дәрігердің бақылауында болуы тиіс. Бүйректің ауыр ауруы кезінде мелоксикам мен пеметрекседті бір мезгілде қолдану ұсынылмайды. Бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде мелоксикамның 15 мг дозасы пеметрекседтің шығарылуын азайтуы және пеметрекседтің туындаған жағымсыз әсерлерінің жиілігін арттыруы мүмкін.
Холестирамин: мелоксикамның шығарылуын тездетеді, сондықтан Реклин препаратының әсерін әлсіретуі мүмкін.
Сульфонилмочевина тобының *диабетке қарсы препараттармен* және натеглинидпен дәрілік өзара әрекеттесу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Сульфонилмочевинамен немесе натеглинидпен мелоксикамды бір мезгілде қолданатын пациенттер гипогликемияның даму қаупіне байланысты жағдайды мұқият бақылау қажет.
Антацидтермен, циметидинмен және дигоксинмен бір мезгілде қолданғанда дәрілермен өзара әрекеттесуі анықталған жоқ.

Арнайы ескертулер
Емдік әсері жеткіліксіз болған жағдайда ұсынылатын ең жоғары тәуліктік дозадан асырмау керек, сондай-ақ дәрігердің тағайындауынсыз бір мезгілде басқа препараттарды қабылдауға болмайды, себебі бұл ұытты әсерлердің даму қаупін арттыруы мүмкін.
Еде жастағы пациенттерге және *жағымсыз реакциялардың даму қаупі жоғары* пациенттерге тәуліктіне 7,5 мг ең төменгі доза ұсынылады (1,5 мл ампуланың жартысы).
Ауыр *бүйрек жеткіліксіздігі* бар, диализ қабылдамайтын пациенттерге препаратты қолдануға болмайды, диализ қабылдайтындар үшін - дозаны тәулігіне 7,5 мг (1,5 мл ампуланың жартысы) асырмау керек. Жеңіл / орташа айқын бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерге дозаны төмендету қажет емес.
Бауыр функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерге препаратты қолдануға болмайды, жеңіл/орташа айқын бүйрек *бауыр жеткіліксіздігі* кезінде - дозаны төмендету қажет емес.
Педиатрияда қолданылуы: 18 жастан кіші балалар мен жасөспірімдерге ұсынылмайды.
Реклин жедел ауырсынуды жеңілдету үшін қолданылмауы тиіс. Бірнеше күн бойы жақсару байқалмаған жағдайда препаратты одан әрі қолдану қажеттілігін анықтау үшін дәрігерге қаралу қажет.
Эзофагит, гастрит және/немесе ойық жара ауруы толық емделгенге дейін Реклин қолданылмауы тиіс. Емдеу аясында осы аурулардың қайталануы дамуы мүмкін.
Емдеудің кез келген кезеңінде *асқазан-ішектен* қан кету, ойық жараланы немесе тесілуі, кейде өлімнен аяқталған немесе өскертетін симптомдарсыз немесе бұрынғы елеулі оқиғаларсыз дамуы мүмкін. Бірікті рілген ем кезінде асқынулардың алдын алу үшін дәрігер қосымша қорғаныс құралдарын (мысалы, мизопростол) тағайындай алады. Бұрын жоғарыда аталған асқынулары болған пациенттер, әсіресе еде жастағылар асқазан-ішек жолдары тарапынан пайда болатын кез келген, көрініс беретін, әдеттен тыс симптомдар туралы (әсіресе қан кету туралы) хабарлауы тиіс, бұл емдеудің басында жиі дамиды.
Ойық жарының немесе қан кетудің дану қаупін арттыратын препараттар қабылдайтын пациенттерге (әсіресе еде жастағыларға) сақ болу ұсынылады. *Гепариннен немесе* бір реттік 500 мг дозада немесе 3 г және одан жоғары тәуліктік *доза* ацетилсалицил қышқылын қоса, *қанның ұюын төмендететін препараттармен* емдеу ұсынылмайды.
Егер Реклин қабылдайтын пациенттерде қан кету немесе асқазан-ішек жолдарының ойық жарасы дамитын болса, емдеуді дереу тоқтатуға дәрігерге қаралу керек. Реклин препаратымен емдеу аясында ойық жаралы колит пен Крон ауруы өршуі мүмкін.
Реклин препаратымен ем жүргізген кезде *артериялық гипертензиясы* және/немесе анамнезінде жеңіл/орташа дәрежедегі *іріклісті жүрек жеткіліксіздігі* бар пациенттерде сұйықтықтың іріклуі және ісіну белгілері байқалуы мүмкін. Мұндай пациенттерге артериялық қысымды бақылау және осы аурулардың өршу мүмкіндігімен және миокард инфарктісі мен инсультті қоса, кан тамырлары тромбозының дану қаупімен байланысты сақ болу ұсынылады.
Бақыланбайтын артериялық гипертензиясы, іріклісті жүрек жеткіліксіздігі, ишемиялық жүрек ауруы, шеткері артериялар аурулары және/немесе цереброваскулярлық ауырулары бар пациенттерге дәрігер кәтерлеуді мұқият бағалағаннан кейін ғана Реклин тағайындайды. Осындай тәсіл жүрек-қан тамырлары ауруларының дану қаупі факторлары бар (мысалы, гипертензия, гиперлипидемия, қант диабеті және шылым шегу кезінде) пациенттерді ұзақ емдеудан кейін ғана ескеруі тиіс.
Тері реакциялары: өте сирек күрделі тері реакциялары анықталды, олардың кейбері өлімнен аяқталған (көбінесе емдеудің бірінші айында). Көбінесе күлдіреуіктер түрінде тез таралатын тері бөртпесі алғаш пайда болған кезде, шырышты қабықтың зақымдануы немесе басқа да аса жоғары сезімталдық белгілері пайда болғанда Реклин қолдануды тоқтату және дереу дәрігерге қаралу қажет. Кез келген күдікті дәрілік препараттарды ерте анықтау және қолдануды дереу тоқтату терінің ауыр аллергиялық реакцияларындағы (Стивенс-Джонсон синдромы және Лайелл синдромы) ағым мен болжамды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Егер бұрын мелоксикаммен емдеу кезінде терінің ауыр аллергиялық реакциялары байқалса, оны қайта қолдануға болмайды.
Бауыр мен бүйрек функциясының параметрлері: трансаминаза, билирубин және бауыр функциясының басқа да көрсеткіштері, сондай-ақ креатинин, мочевина азоты және басқа да зертханалық көрсеткіштер (көбінесе өтпелі және елеусіз) деңгейі жоғарылауы мүмкін.
Функционалдық бүйрек жеткіліксіздігі: функционалдық бүйрек жеткіліксіздігі дамуы мүмкін (препараттың дозасына және бұрыннан бар қауіп факторларына байланысты).
Еде жастағы адамдар үшін қауіп факторларына мыналар жатады:
• гипотензивті, несеп айдайтын препараттармен қатар емдеу, сусыздану (себептеріне қарамастан), іріклісті жүрек жеткіліксіздігі, бүйрек аурулары (бүйрек жеткіліксіздігін, жегіпік нефропатиясы ғана), бауырдың ауыр жеткіліксіздігі.

Сирек жағдайларда, осы препараттары жүрек жеткіліксіздігінің және гипертензияның кейінгі үдеуімен бірге ауыр бүйрек ауруларының (интерстициальді нефрит, гломерулонефрит, бүйректің медуллярлы некрозы немесе нефротикалық синдром) дамуына себеп болуы мүмкін. Гемодиализ қабылдайтын ауыр бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде Реклин препаратының дозасы 7,5 мг аспауы тиіс. Жеңіл/ орташа айқын бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер әдеттегі ұсынылатын дозаны қабылдайды. Препарат натрий, калий және судың іріктіруіне ықпал етеді және қан қысымын төмендететін препараттардың әсерін әлсіретеді. Реклин препаратымен емдеу аясында инфекциялық аурулар симптомдары бүркемеленуі мүмкін.
Диабет немесе қатар емдеу қандағы калийдің жоғарылауын тудыруы мүмкін. Мұндай жағдайларда калий көрсеткіштеріне ұдайы мониторинг жүргізу керек.
Еде жастағы адамдарда жағымсыз реакциялардың, әсіресе асқазан-ішектен қан кету және тесілуінің дану жиілігі жоғары болды, олар кейде өлімге әкелуі мүмкін. Еде жастағы, жиі ауырғанын немесе өпірегін пациенттер жағымсыз реакцияларды көтере алмайды, себебі оларда бүйрек, бауыр және жүрек функциясы жиі бұзылады.
Осы топтағы препараттарды қолданған кезде кейде инъекция орнында абсцесстер дамуы және некроз байқалады.
Жеңіл/орташа ауырлық дәрежесіндегі бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер *пеметрекседті* қолданудан 5 күн бұрын Реклинді қолдануды тоқтатуы және соған кейін оны *пеметрекседті* қолданғаннан кейін тағы 2 күн қолданбауы тиіс.
Реклин препараты жүрек-ұрықтандырумен проблемалары бар немесе бедеулікке байланысты тексеруден өтетін және жүкті болуға тырысатын жұктілікті жоспарлайтын әйелдер қолданбауы тиіс.
Жүктілік кезінде немесе лактация кезеңі: Реклин препараты жүктілік кезінде түсік тастау қатерінің жоғарылауына, шарананың дану ақауларына, сондай-ақ жүктілік кезінде қан кету қаупіне және босану уақытырының кідіруіне немесе ұзаруына байланысты қолданылмауы тиіс.
Лактация кезеңі кезінде Реклин препаратының белсенді заты емшек сүтімен бөлінін шығуы мүмкін, сондықтан бала емізетін әйелдерге оны қолдануға болмайды.
Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптіліді зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері
Керу жігілігінің бұзылуы, бас айналуы немесе ұйқышылдық сияқты жағымсыз әсерлер дамыған кезде автомокелікті басқарудан немесе қозғалыстары механизмдерін жұмыс жүргізуден бас тарту ұсынылады.

Қолдану жөнінді нұсқаулар
Дозалау режимі
Реклин препаратының ересектер үшін ұсынылатын дозасы - 7,5 немесе 15 мг.

Енгізу әдісі мен жолы
Бұлшықет ішіне енгізуге арналған.

Қабылдау уақытын көрсете отырып қолдану жиілігі
Тәулігіне бір рет (ауыру қарқынділығына және қабыну реакциясының ауырлығына байланысты).

Емдеу ұзақтығы
Бұлшықет ішіне енгізу тек 3-5 күн ішінде жүргізілуі мүмкін (жай-күйдің ауырлығына байланысты). Әрі қарай емдеу үшін дәрігер препаратын басқа түрлерін тағайындайды: ішке қабылдауға арналған таблеткалар немесе ректальді свечалар.

Артық дозаланған жағдайда қабылдануы тиіс шаралар
Артық дозалану симптомдары: сылбырлық, ұйқышылдық, жүрек айнуы, құсу және эпигастрий аумағының ауыруы (әдетте демеуші ем жүргізгенмен кейін қайтады). Асқазан-ішектен қан кету, артериялық гипертензия, жедел бүйрек жеткіліксіздігі, бауыр дисфункциясы, тыныс алудың бәсеңдеуі, кома, құрысулар, жүрек-қантамыр қоллапсы және жүректің тоқтап қалуы байқалуы мүмкін. Ауыр аллергиялық реакциялар (анафилактоидты реакциялар) болуы мүмкін.
Емі: симптоматикалық және демеуші, спецификалық антидот жоқ.

Дәрілік препаратты қабылдамас бұрын дәрігерге немесе фармацевтке жүгіну қажет.

Дәрілік препаратты стандартты қолданған кезде байқалатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдауға тиісті шаралар (қажет болған жағдайда)
Өте жиі
• диспепсия, жүрек айнуы, құсу, іштің ауыруы, іш қатуы, метеоризм, диарея.
Жиі
• бас ауыруы, енгізген жердің қатаюы және ауыруы
Жиі емес
• аллергиялық реакциялар
• бас айналуы, тепе-теңдіктің бұзылуы, ұйқышылдық, артериялық қысымның жоғарылауы, қан кернеуінер
• жасырын немесе көрінетін асқазан-ішектен қан кету, стоматит, гастрит, кекіру
• анемия, бауыр функциясы көрсеткіштерінің өтпелі өзгеруі (трансаминазалар немесе билирубин белсендігінің жоғарылауы)
• натрий мен судың тежелуі, калий деңгейінің жоғарылауы, бүйрек функциясының бұзылуы (қан сарысуындағы креатинин және/немесе мочевина деңгейінің жоғарылауы)
• ангионевроздық ісіну, қышыну, бөртпе, ісінулер (аяқтың ісінуін қоса).

Сирек
• қан талдауындағы өзгерістер (лейкоциттер санының өзгеруін қоса), лейкопения, тромбоцитопения
• эмоциялық құбылмалылық, түнгі қорқынышты түстер, құлақтағы шуыл
• керу қабілетінің бұзылуы, оның ішінде анық көрмеу, кездің тұманданы, конъюнктивит
• жүрек соғуы, жүрек жеткіліксіздігі
• бронх деміктесінің жедел ұстамасы (аспиринге немесе басқа ҚҚСП аллергиядан зардап шегетін бейім пациенттерде)
• колит, гастродуоденальді ойық жара, эзофагит
• ауыр тері реакциялары (ұытты эпидермальді некролиз, Стивенс-Джонсон синдромы), есекжем

Өте сирек
• агранулоцитоз, буллездік дерматит, мультиформалы эритема
• асқазан-ішектің тесілуі (асқазан-ішектен қан кету, кейде күрделі және потенциалды өлімге әкелетін ойық жараланы немесе тесілуі, көбінесе еде жастағы адамдарда), гепатит
• жедел бүйрек жеткіліксіздігі (әсіресе қауіп тобындағы пациенттерде).

Жиілігі белгісіз (қолда бар деректер бойынша анықтау мүмкін емес):
• анафилаксиялық шок, анафилаксиялық, анафилактоидты реакция
• сананың шатасуы, бағдардан жаңылу, фотосезімталдық тері реакциялары
• әйелдердегі бедеулік, овуляцияның кідіруі.

Мелоксикамды ***қолданған кезде байқалмаған, бірақ осы кластың басқа да белсенді заттарын қолданған кезде байқалған жағымсыз реакциялар***: жедел бүйрек жеткіліксіздігіне әкелетін бүйректің органикалық зақымдануы.
Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтке жүгіну немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (іс-қимылдар) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей хабарлама жіберу керек
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеттінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
http://www.ndda.kz

Қосымша мәліметтер
Дәрілік препараттың құрамы
Бір ампуланың ішінде:
белсенді зат - мелоксикам 15 мг
қосымша заттар: меглюмин, глюкофуроз, полоксамер 188, натрий хлориді, глицин, натрий гидроксиді, инъекцияға арналған су.

Сыртқы түрінің иісінің, дәмінің сипаттамасы
Жасылдау сары рөнді мөлдір ерітінді.

Сақтау мерзімі
5 жыл
Жарамдылық мерзімі өткенмен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары
Жарықтан қорғалған жерде, 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары
Рецепт арқылы

Шығарылу түрі және қаптамасы
1,5 мл-ден түссіз шыны ампулаларда.
5 ампуладан қолдану жөнінді қазақ және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге пластик тұғырға салады және картон қорапқа орналастырады.

Өндіруші туралы мәлімет
Help S.A., Лединия Янина, Янина, 45500, Греция
Тел. +302102815353; +302102811850
Эл. Пошта: info@help.com.gr

Тіркеу күәлігінің ұстаушысы
VEGAPHARM LLP., Юнит 18, 53 Норман Роуд, Гринвич Центр Бизнес Парк, Лондон, Ұлыбритания
Тел.: +442035982050
Электронды пошта: info@vegapharm.com

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта):
«Сефеюс Медикал» (Цефей Медикал) ЖШС: 050045, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 7-үй, «Нұрлы Тау» ТК, 5А блок, 247 кеңсе,
телефон: +7 (727) 300 69 71, +7 777 175 00 99 (тәулік бойы),
электрондық пошта: drugsafety@evolet.co.uk